

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»  
акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы  
жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы  
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2017 жылғы 23 мамырда, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабаттағы акт залында шақырылды.

**Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысты:

1. 43 087 006 жай акцияға иелік ететін, 2017 жылғы 17 қаңтардағы №110-39 сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайтын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірістік департаменті директорының орынбасары Дамир Данилбекұлы Теберіков тұлғасында **«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ;**

2. 93 409 158 ғаламдық депозитарийлік қолхаттарды құрайтын Қоғамның 15 568 135 жай акциясын білдіретін 2017 жылғы 16 мамырдағы н/ж сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайтын Айжан Айтбайқызы Аманжолова тұлғасында **Deutsche Bank Trust Company Americas («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ҒДҚ депозитарийі);**

3. 126 667 жай акцияға иелік ететін, 2017 жылғы 17 мамырдағы №181 сенімхат бойынша іс-қимыл жасайтын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ филиалының директоры – филиалының басқарушы директоры Мұрат Тұрсынұлы Шәріпов тұлғасында **«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.**

Жиналыста тіркеуді аяқтау сәтінде тіркелген Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 58 781 808 (елу сегіз миллион жеті жүз сексен бір мың сегіз жүз сегіз) жай акция (Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 86,9 %).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң) 45-бабының 1-тармағының негізінде Жиналысты өткізу үшін кворум бар және осыған байланысты Жиналыс Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы деп танылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің мынадай қорытындыларын шығарды:

**1. Қоғам Жиналысының төрағасын сайлау туралы.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының мұнай және газ өндіру жөніндегі аға вице-президенті Игорь Валерьевич Гончаров Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.



## 2. Жиналыс хатшысын сайлау туралы.

### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Айдар Нұрланұлы Жексенбиев Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

## 3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:

### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

## 4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін.

## 5. Күн тәртібін бекіту туралы:

### Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 58 655 141 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

- 1) Қоғамның 2016 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін және Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бөлу тәртібін белгілеу;
- 3) Қоғамның 2016 жылғы жылдық есебін бекіту;
- 4) 2016 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) 2016 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
- 6) 2016 жылғы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы ақпарат;
- 7) Жаңа редакциядағы Қоғам Жарғысын бекіту туралы;



- 8) Жаңа редакциядағы Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы;
- 9) Жаңа редакциядағы Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережесін бекіту туралы;
- 10) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 11) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу;
- 12) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- 13) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 14) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы.

**6. Күн тәртібінің «Қоғамның 2016 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту» туралы бірінші мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 56 587 545 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - 2 194 443 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

Қоғамның 2016 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі бекітілсін.

**7. Күн тәртібінің «Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін және Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бөлу тәртібін белгілеу» туралы екінші мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 49 001 138 дауыс;
- «Қарсы» - 9 432 292 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 221 711 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**


1. Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17; банк деректемелері: БСН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKKZKX, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, Астана өңірлік филиалы) мынадай таза кірісін бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерінің дивидендтер мөлшері бекітілсін:

1) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 289 (екі жүз сексен тоғыз) теңге сомасында (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) белгіленсін;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 289 (екі жүз сексен тоғыз) теңге сомасында (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) белгіленсін;

3) 2016 жылдағы Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы тиісті акциялар санының көбейтіндісіне тең сома Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберілсін;

4) дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2017 жылғы 2 маусым, 23 сағат 59 минут;



5) дивидендтер төлеуді бастау күні – 2017 жылғы 3 шілде;

6) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банк шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтер алу құқығы бара акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

8. Күн тәртібінің «Қоғамның 2016 жылғы жылдық есебін бекіту» туралы үшінші мәселесі бойынша

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 54 925 786 дауыс;
- «Қарсы» - 1 561 025 дауыс;
- «Қалыс қалды»- 2 294 997 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның 2016 жылғы жылдық есебі бекітілсін.

9. Күн тәртібінің «2016 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат» туралы төртінші мәселесі бойынша

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 56 898 518 дауыс;
- «Қарсы» - 1 561 025 дауыс;
- «Қалыс қалды»- 322 265 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

10. Күн тәртібінің «2016 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат» туралы бесінші мәселесі бойынша

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 56 841 329 дауыс;
- «Қарсы» - 1 618 214 дауыс;
- «Қалыс қалды»- 322 265 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

11. Күн тәртібінің «2016 жылғы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы ақпарат» туралы алтыншы мәселесі бойынша

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 56 882 138 дауыс;
- «Қарсы» - 1 561 025 дауыс;
- «Қалыс қалды»- 338 645 дауыс.



**Жиналыстың шешімі қабылданды:  
Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.**

**12. Күн тәртібінің «Жаңа редакциядағы Қоғам Жарғысын бекіту туралы» жетінші мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 48 252 409 дауыс;
- «Қарсы» - 1 875 959 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 8 653 440 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Қоғам Жарғысының және Директорлар кеңесі туралы ережесінің жобаларын қосымша пысықтау қажеттілігі туралы ақпарат назарға алынсын.**

**13. Күн тәртібінің «Жаңа редакциядағы Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы» сегізінші мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 49 575 471 дауыс;
- «Қарсы» - 552 897 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 8 653 440 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Қоғам Жарғысының және Директорлар кеңесі туралы ереженің жобалары белгіленген тәртіппен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының бекітілуіне қайта шығарылғанға дейін корпоративтік басқару кодексіннің жобасын қарау кейінге қалдырылсын.**

**14. Күн тәртібінің «Жаңа редакциядағы Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережесін бекіту туралы» тоғызыншы мәселесі бойынша.**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 49 575 471 дауыс;
- «Қарсы» - 552 897 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 8 653 440 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережесінің жобасын қосымша пысықтау қажеттілігі туралы ақпарат назарға алынсын.**


**15. Күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу» туралы оныншы мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 58 560 097 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - 221 711 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленсін.**



**16. Күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу» туралы он бірінші мәселесі бойынша**

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 56 583 034 дауыс;
- «Қарсы» - 147 378 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 2 051 396 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі – 1 (бір) жыл болып белгіленсін (2017 жылғы 23 мамырдан бастап 2018 жылғы 23 мамырды қоса есептегендегі мерзімге дейін).**

**17. Күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау» туралы он екінші мәселесі бойынша**

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе кумулятивті дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 452 197 820 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

Директорлар кеңесінің мүшелігі кандидаттар:	Берілген дауыстар саны:
Гончаров Игорь Валерьевич	58 819 669
Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев	58 819 669
Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы	58 819 669
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	58 816 376
Густаве ван Меербеке	58 854 669
Дэйер Филип	48 928 240
Фергюсон Аластэр	48 232 192
Соммер Фрэнсис	47 032 192
Гладышев Александр Игоревич	13 875 144

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

**Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай құрамы сайлансын:**

- 1. Гончаров Игорь Валерьевич – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі;**
- 2. Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі;**
- 3. Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі;**
- 4. Густаве ван Меербеке - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі;**
- 5. Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);**
- 6. Дэйер Филип – Қоғамның тәуелсіз директоры;**
- 7. Фергюсон Аластэр - Қоғамның тәуелсіз директоры;**



8. Соммер Фрэнсис - Қоғамның тәуелсіз директоры;

9. Гладышев Александр Игоревич – Қоғамның тәуелсіз директоры.

18. Күн тәртібінің «Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу» туралы он үшінші мәселесі бойынша

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 47 932 246 дауыс;
- «Қарсы» - 10 400 630 дауыс;
- «Қалыс қалды»- 448 932 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап оларға сыйақы берудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу (бір отырыс үшін):

Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары;

Телефон немесе бейнебайланыс арқылы қатысу – 5 мың АҚШ доллары.

3) Директорлар кеңесі комитетінде төрағалық ету (жылына):

Аудит комитеті – 25 мың АҚШ доллары;

Стратегиялық жоспарлау комитеті – 15 мың АҚШ доллары;

Сыйақы комитеті – 15 мың АҚШ доллары.

4) Тәуелсіз директорлардың отырыстары – бір отырыс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.

2. Мөлшері мен шарттарын белгілейтін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ішкі құжаты бекітілгенге дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін олардың шығыстарын өтеудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес белгіленеді;

2) директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне байланысты мынадай шығыстардың өтелуіне құқығы бар:

- тұрғын үй жалдау бойынша – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;

- отырыс/кездесу орнына бару және өзінің тұрақты жұмыс орнына/тұрғылықты тұратын жеріне қайтып келу - бизнес – класс тарифі бойынша;

- әуежайдан/вокзалдан және әуежайға/вокзалға және отельден/отельге трансфер – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;

- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияларды, конференц-коллдарды пайдалану – іс жүзіндегі шығыстар бойынша.

Өтемақы Қоғамға шығыстарды растайтын құжаттар берілген жағдайда төленеді.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда аталған талаптарда Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директорларымен шарттар жасасуға уәкілеттік берілсін.

19. Күн тәртібінің «Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы» он төртінші мәселесі бойынша



**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 56 515 807 дауыс;
- «Қарсы» - 114 051 дауыс;
- «Қалыс қалды» - 2 151 950 дауыс.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

1. 6 айдағы және 2017-2018 жж. 30 маусымдағы жағдай бойынша аралық шоғырландырылған қаржы есептілігіне шолуды және, тиісінше, 2017 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ шоғырландыру мақсаттарында Қоғамның шоғырландырылған қаржы есептілігінің және шоғырландырылған қаржы есептілігі пакетінің аудитін жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг Казахстан» ЖШС-ны 2017-2018 жж. Қоғамның аудиторлық ұйымы болып белгіленсін.

2. Қоғамның қаржылық директоры – қаржылық бақылаушысы Ш. Дрейдер қоса берілген шарт жобасының талаптарына «Эрнст энд Янг Казахстан» ЖШС-мен шарт жасассын.

Есеп комиссиясының мүшелері:

\_\_\_\_\_

Л. Нұрмағамбетова

\_\_\_\_\_

Г. Аяғанова

\_\_\_\_\_

А. Әлиақпарова

